

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 1656 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қауіпсіздігі міндеттерін шешуге ғарыш технологиялары мен техникасының қосатын үлесін күшейту мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 1, 1-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасында:

1 "Бағдарламаның паспорты" деген бөлімде:

"Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері" деген кіші бөлімде: "44364,3", "44064,3", "2679,9", "1732,6" деген цифрлар тиісінше "62768,72", "62468,72", "2179,9", "2232,6" деген цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"МиГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құруға байланысты қаржы шығындары 18404,422 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2005 жылы - 500 млн. теңге, 2006 жылы - 1000,0 млн. теңге, 2007 жылы - 16904,422 млн. теңге;"

"Күтілетін нәтижелер" деген кіші бөлімнің 2) тармақшасының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"МиГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құру;"

2 "Кіріспе" деген бөлім мынадай мазмұндағы жиырма үшінші абзацпен толықтырылсын:

"АЗҒК - авиациялық зымыран-ғарыш кешені";

5 "Бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асыру тетігі" деген бөлімнің 5.1-кіші бөлімі 5.1.2-тармағының бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"МиГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құру жолымен жүзеге асырылады.";

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген 6-бөлімде:

к е с т е д е :

реттік нөмірі 2-жолда "Республикалық бюджет қаражаты (млн. теңге)" деген бағандағы "30670,6" деген цифрлар "49075,02" деген цифрлармен ауыстырылсын ;

"Барлығы" деген жолда "Республикалық бюджет қаражаты (млн. теңге)" деген бағандағы "44064,3" деген цифрлар "62468,72" деген цифрлармен ауыстырылсын;

м ә т і н д е :

бірінші, екінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыруға байланысты қаржы шығындары барлығы 62768,72 млн. теңгені құрайды.

Республикалық бюджет барлығы 62468,72 млн. теңге, оның ішінде 2005 жылы - 14861,2 млн. теңге.";

"Республикалық бюджеттен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қамтамасыз етуге арналған қаржы шығындары 5582,1 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2005 жылы - 2179,9 млн. теңге, 2006 жылы - 2232,6 млн. теңге, 2007 жылы - 1169,6 млн. теңге. Көрсетілген жұмыс түрлеріне 300 млн. теңге мөлшерінде инвестиция тарту жоспарланып отыр, оның ішінде 2005 жылы - 150 млн. теңге, 2006 жылы - 150 млн. теңге.";

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"МиГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құруға байланысты қаржы шығындары 18404,422 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2005 жылы - 500 млн. теңге, 2006 жылы - 1000,0 млн. теңге, 2007 жылы - 16904,422 млн. теңге.";

7 "Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер" деген бөлім мынадай мазмұндағы жиырма алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"МиГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешені құрылады;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК